



# МАМАЯН

С.СЕЙФУЛЛИН  
атындағы ҚазАТУ  
СТУДЕНТ  
ЖАСТАРЫНЫҢ  
ГАЗЕТИ

1967 жылдың 6 сәуірінен бастап шығады ● e-mail: agun katu@gmail.com ● www.agun.kz ● № 12 (2087) 18 қараша 2010 жыл

## Арманға қанат қаққан СТУДЕНТТЕР

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті елорданың Конгресс-холл сарайында университет табалдырығын биыл аттаған бірінші курс студенттерін студент қатарына қосу салтанатына арналған шырайлы мереке ұымдастырды. Жарты ғасырлық тарихы бар іргелі білім ордасына осы жылы 1800 студент қабылданған. Болашақ маман иелері салтанатты жағдайда «студент» деген аяулы атқа ие болды.

Бұл күні Конгресс-холл сарайына ерекше көрік бітірген пәк көңіл иелерінің қуанышы шексіз болды. Жүздері бал-бұл жайнаған жігерлі жастар өмірдің ең бір қызықты шағы студенттік өмірдің басталғанына бақытты. Шынымен де, «мен де студент болғанмын» демекші, «студент» деген аяулы да ардақты есімді арқаламаған адам кемде-кем шығар.

Жалғасы 2-3 беттерде.



### МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина является участником 8 проектов Европейского Союза Темпус, направленных на реформу высшего образования. В рамках данных проектов университет ежегодно направляет и направляет студентов для прохождения шестимесячной практики в фермерских хозяйствах Германии; 5 выпускников университета защитили магистерскую диссертацию в Монгольском государственном университете сельского хозяйства; 2 выпускника университета получили двойной диплом по программе магистратуры в Университете прикладных наук Вайенштафен (Германия); университет получил оборудование на 18 000 Евро для магистрантов международного курса «Аграрный менеджмент»; 50 преподавателей прошли курсы повышения квалификации по распространению системы обеспечения качества образования в вузах Казахстана.

В 2010 году наш университет стал обладателем двух проектов Темпус из трех финансируемых проектов по Казахстану: «Учебная программа на основе Болонских принципов образования, ведущих к реформированию обучения в области охраны окружающей среды» (Италия, Испания, Германия) - 2010-2013 г.г.; «Разработка учебной программы бакалавриата «Энергетический менеджмент» на базе смешанного (сочетающего аудиторное и онлайн) обучения (Blended-Learning) в вузах Туркменистана и Казахстана» (Германия) - 2010 - 2013 г.г.

С 26 по 29 октября 2010 года делегация из КазАТУ имени С.Сейфуллина приняла участие в первом заседании в рамках проекта ЕС Темпус «Внедрение программы бакалавриата по специальности «Энергетический менеджмент» на базе смешанного обучения в вузах Казахстана и Туркменистана», который проходил в г. Билефельд, Германия. На первом консультационном собрании делегация в составе профессора Тлеуова Асхата Халиловича, заведующего кафедрой эксплуатации электрооборудования, Исенова Султанабека, кандидата технических наук и Касеновой А., специалиста отдела международного сотрудничества познакомились с университетами партнерами, с которыми в течение 3-х лет университет будет работать в программе Темпус, обсудили организационные и финансовые вопросы, а также определили перспективы развития проекта. Партнерами в данной программе являются университеты Германии, Австрии, Литвы и Туркменистана.

В настоящее время, специальность «Энергетический менеджмент» (ВА) отражает интересы студентов, желающих перенять управленческие функции в энергетическом секторе, а также особое внимание уделяется проблематике развития и реализации стратегий в области энергетики, направленных на эффективное использование энергоносителей и применение регенеративных источников энергии.

Начальник отдела международного сотрудничества С.О. Китайбекова

## ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ, ПЕРВОКУРСНИКИ КОЛЛЕДЖА!

Резкий поток новых знаний вынуждают искать новые подходы к качественному изменению образовательной сферы, сокращать до минимума периоды между их получением и использованием. Следовательно необходимо создать гибкую, развивающуюся и доступную систему непрерывного образования.

Основным уровнем национальной системы образования в сфере подготовки кадров в Республике Казахстан является техническое профессиональное образование, за годы своего существования данная система образования выпускала десятки тысяч специалистов среднего уровня профессиональной подготовки.

Восполнить нехватку специалистов среднего звена необходимо посредством обучения талантливой сельской молодежи. Открытие колледжа сельскохозяйственного и технического направления позволит решить вопрос занятости молодежи из малообеспеченных слоев общества. Дает возможность укомплектованию студенческой среды сельской молодежью, которые, вернувшись в село, пополнят ряды сельской интеллигенции Казахстана.

Исходя из изложенного, Со-



вет университета принял решение об открытии сельскохозяйственного колледжа. 13 июля 2010 года, управлением образования г. Астаны была выдана государственная лицензия за № 0129867 на занятие в сферах технического, профессионального и послесреднего образования с выпускниками школ по 9 специальностям на базе 9-го и 11 классов на государственном и русском языке обучения.

Прием первых документов начали с 27 июня, учиться в колледже Казахского агротехнического университета изъявили желание 142 абитуриента, по-

сле проведения вступительных экзаменов в ряды студентов колледжа было зачислено 134 абитуриента, из них 55 на базе общего среднего образования и 79 на базе основного среднего образования.

Одним из важнейших факторов обеспечения учебного процесса является развитие материально-технической базы. Студенты колледжа полностью обеспечены аудиторным фондом, занятия проходят в первую смену.

В распоряжении колледжа имеется ряд специализированных кабинетов: 2 мультимедий-

ных класса, 1 Интернет-класс, кабинет естественно-научных и социально-гуманитарных дисциплин, кабинеты специальных (в разрезе специальностей) дисциплин. Оснащенные современным оборудованием аудитории позволяют вести лабораторно-практические занятия с демонстрацией опытов, что дает возможность студентам закрепить теоретические знания.

Для проведения культурно-массовых и спортивных мероприятий со студентами колледжа, университет предоставляет активные залы, спортивные комплексы, стадионы и тренировочные залы.

Выпускники колледжа, желающие повысить свой профессиональный и квалификационный уровень по специальности, с целью получения диплома о высшем образовании, имеют возможность продолжить свое обучение при университете по сокращенной образовательной программе (СОПР), которая предусматривает 2-х годичное обучение по очной и дистанционным формам. При этом студентам-выпускникам колледжа предусматриваются льготы при оплате за обучение.

С.А. Ашимов,  
директор колледжа  
КАТУ им.С.Сейфуллина

БҮГІНГІ САҢДА

3-бетте

ТҰҢҒЫШ  
ТҮЛЕКПЕН  
ТІЛДЕСКЕНДЕ



ИНФОРМАЦИОННОЕ  
ПРОСТРАНСТВО  
УНИВЕРСИТЕТА

4-стр.



4-стр.



ОНИ СТАЛИ РАВНЫМИ  
СРЕДИ РАВНЫХ

## Студент елімізі



**Мұрат Рахимжанов, университеттің 50 мыңыншы түлегі, техникалық факультетінің магистранты:**

- Мен Степногорск қаласынан боламын. Мектепте оқып жүргенде, төртінші пәнге физиканы таңдағанмын. Физика пәні болғандықтан қалай да техникалық мамандыққа баруым керек болды. Менің екі ағам да осы университеттің түлектері. Екеуі де грантта оқыған. Маған да осы ағаларымды өнеге қылып, «сен де жақсы оқуың тиіс» деп ата-анам сенім артты. Өзіме сенімді болдым, олардың үмітін ақтауым керек деп тырыстым. Кешенді тестте 91 балл жинап, еш ойланбастан аграрлық университетіне келдім. Тобымыз кілең оқу үздіктерінен жиналған мықты болды. Бәріміз жарысып оқитынбыз. Ең бір қызығы, 4 курсты тәмамдауға санаулы ғана күндер қалып, абыр-сабыр болып жүргенімізде, деканатқа шақырып жатыр деген хабар алдым. Дерееу жиналып барғанымда мен осы университеттің 50 мыңыншы түлегі екенімді айтты. Осылайша, менің қуанышым қос қуанышқа ұласып, университетіміздің 50 мыңыншы түлегі екенімді растайтын диплом алатын болдым. Шынын айтсам, өзім қатты таңқалдым, алайда өте қуанышты болдым. Тіпті маған ешкімге айтпасын деп тапсырды. Бұл жаңалық диплом алғанға дейін құпияда сақталды. Тіпті курстастарыма да айтқан жоқпын. Әрине, диплом табыстау салтанатында ерекше көңіл күйде болдым, мен үшін де, университет үшін де тарихта қалатын елеулі оқиға болды. Жалпы, мен негізі «жолы болғаны жігітпін», осындай керемет болады деп күткен жоқпын, менің өмірімнің ең ерекше сәті болды.

**- Мұрат, студент қатарына қосуға арналған мереке жайлы тоқтала кетсең?**

- Студент қатарына қабылдау салтанаты мен үшін ерекше әсерлі болды. Осы шарадан кейін топтың студенттері бір-бірімізбен жақын танысып, араласып кеттік. Мәселен, дәл сол студент қатарына қабылдану сәтінде мен университетіміздің 50 мыңыншы студенті екенімді тіпті білген жоқпын ғой, сондай албырт көңіл, алаулаған жалын болды бізде. Оқудың алғашқы тоқсанынан кейін ерекше сенімділік пайда болды менде. Аграрлық университетінің өзге оқу ордаларынан артықшылығы – ең бірінші мұндағы талап пен тәртіп деп айта беремін. Бізде сапалы білімге көп көңіл бөлінеді. Мұнда пәре алу деген түсінік жоқ қой, міне ерекшелігі сол. Өзгелерде де дәл біздегідей әскери кафедра, сол тәртіп бар. Ал, бізде талап қатты, ұйымдастырушылық мықты, оқытушы-профессорлар мен докторлық құрамның деңгейі жақсы. 50 жыл деген аз ғұмыр емес қой, осы университетпен бірге жасасып келе жатқан ардагер ұстаздар да бар. Жалпы университеттің іргетасы мықты, сол деңгейде өсіп, даму үстінде дер едім.

**Жанмира Жылқыбаева, Жерге орналастыру факультетінің 4 курс студенті:**

- Мен Астана қаласы, Алматы ауданы Күйгенжар аулының №42 орта мектебін бітіріп, 2007 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық техникалық университетінің «Кадастр» мамандығына оқуға түстім. Университетті таңдаған себебім мектеп қабырғасында оқып жүргеннен бастап, осы университетке түсу менің арманым болды. Мақсатым орындалды деп есептеймін. Алғашқы студенттік сөт мен үшін жыл сайын ұйымдастырылатын «Алғашқы студенттік күз» байқауынан бастау алды. Осы фестивальға қатыстым. Галя концертте бірінші дәрежелі диплом алып, кейін конгресс-холлда өткен «Студент қатарына қабылдау» мерекесіне қатыстым. Сол жылы университетіміздің 50 жылдығы тойланды. Осы айтулы шараға орай университетімізге өлең арнадым. «Кадастр» мамандығы мен үшін дұрыс таңдау болды. Биыл бітіремін, алдағы уақытта осы білім мекемесінде қалғым келді.

**Думан Байтілеуов, Жерге орналастыру факультетінің 3 курс студенті:**

- Мен Семей қаласының тумасымын. 2008 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық техникалық университетіне «Геодезия және картография» мамандығына оқуға түстім. Биыл үшінші жылға кетті. Алға қойған мақсатым – осы таңдап алған мамандығымды жақсылап игеріп, Астанадан аграрлық кешенге керек жеке кәсіпкерлік ашу. Біз мектепте оқып жүргенде, «геодезия және картография» мамандығы қатты ұнайтын. Таңдауым дұрыс болды есептеймін. Бірінші курста «Студент қатарына қабылдау» салтанатына арналған мереке қазан айының 28-інде конгресс-холл сарайында өткен. Тамаша концерт, сондай әсерлі болғаны есімде. Университеттің білім беру сапасы мен оқытушылар құрамы ұнайды. Мұғалімдер қатал, бірақ қатал болғаны жақсы ғой, ізденеміз, кітапханада отырамыз.

# Арманға қанат қаққан СТУДЕНТТЕР



**(Жалғасы. Басы 1-бетте.)**

Айшықты мерекеге Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі депутаты **Бекен Әлімжанов**, Астана қаласы Сарыарқа ауданының әкімі **Сабил Мұстафина** сынды құрметті меймандар жиналды.

- Бүгінгі әсерлі де әсем кеш мәңгі сіздердің жүректеріңізде қалу үшін ұйымдастырып отырмыз,- деді алғаш құттықтау сөз алған университет ректоры **Айтбай Бұлашев**. - Осы сәттен бастап, сіздер, қай факультеттің қандай мамандығында білім алып жатсаңыздар да құрамында он мыңнан астам студенттері мен оқытушылары бар Астанамыз-



дың тұңғыш жоғарғы оқу орындарының бірегейі Аграрлық университетінің толыққанды мүшелері болып отырсыздар. Осы орайда, күні бүгінге дейін университетімізден 52 мың түлек түлеп ұшқанын айта кеткенім жөн болар. Елордамызда осыншама шәкірт тәрбиелеп шығарған өзге білім мекемесі жоқ деп мақтанышпен айта аламыз. Бүгінде Қазақстанның элитасына айналған тұлғалардың қатарында жүрген түлектеріміз көптеп саналады. Ендеше, сіздер де, университетіміздің беделді де білімді, мақтанышына айналған студенттері болуға тырысыңыздар, оқып жатқан білім ордасын мақтан тұтыңыздар! Қазіргі экономикалық нарық заманына қарамастан, өз орындарыңызды тауып, бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуға талпыныңыздар. Ол үшін университет қабырғасында өткізетін төрт жылдың аз екенін түйсінініздер. Қадірменді студенттер, өмір бойы ізденіс үстінде болу керек, еңбектену қажет, ғылымға ұмтылу керек. Қазіргі таңда «студенттік ұтқырлық» деген жаңа ұғым пайда болды. Ол дегеніңіз бірнеше жоғары оқу орындарында білім алу, шетелдік университеттерде білімдеріңізді жетілдіру деген ұғым. Талпынған адамға мүмкіндіктер көп екені де жасырын емес. Мысалға, біздің республика әлем университеттерінің ұлы хартиясына қол қойды. Біздің университет бірқатар Еуропа мемлекеттерінің жоғарғы оқу орындарымен келісім-шартқа отырды. Егер сіздер жақсы оқып, шет тілдерін меңгерсеңіздер, Еуропа елдерінде оқуларыңызға зор мүмкіндік туып отыр. Ақ жол, сіздерге аяулы студенттер!

Университет басшысы **Айтбай Кабыкешұлы** мектепті алтын белгіге тәмамдаған оқу үздіктері мен спорт саңлақтарына,

х а л ы қ а р а л ы қ олимпиада жеңімпаздарына салтанатты жағдайда студенттік билеттер табыс етті. Азамат Иманмұса, Нұржан Смағұлов, Айдана Бисекенова, Камилла Цвигун, Әшір-Тұрар Мырзахмет, Дана Есілбаева, Гүлзина Еслямова, Арман Үмбетов, Нұрлан Абжанов, Дархан Жұмсақбаев, Ахмет Дәлен, Қуанбек Баулыбаев секілді студенттер ректордың қолынан төлқұжаттар алды.

Республикалық дебат турнирлерінің жеңімпазы, жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы, жерге орналастыру факультетінің 4-курс студенті **Абай Сауытбек** сахна төріне **С.Сейфуллин** атындағы Қазақ аграрлық техникалық университетінің Туын алып шықты. Бірінші курс студенттері университет басшылығы мен оқытушы-профессорлар құрамының алдында салтанатты жағдайда ант қабылдады. Студенттер университет студенттерінің арнамысы Кодексін білуге және оны сақтауға, оқуға жауапкершілікпен қарап, оқытушылар құрамын құрметтеуге, университет дәстүрін қадірлеп, салауатты өмір салтын ұстануға, агротехникалық университеті студентінің атағын биік ұстайтын Отанымыздың патриоты болуға серт берді.

Келесі құттықтау сөз білім ордасына он жылдан астам уақыт басшылық еткен құрметті мейман, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі депутаты **Бекен Әлімжанов**қа берілді. «Қайырлы кеш, қадірменді әріптестер, студенттер! Бүгінгі айтулы мерекемен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын. Шынында да бәріміз бақыттымыз. Астананың әсем залында «студент қатарына қабылдау» салтанатына жиналған осы әсерлі сәтке куә болып отырғанымыздай, тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде бақыттысыздар. Парламент депутаты ретінде әртүрлі Еуропа елдеріне сапар шегіп, аралап қайттық. Өз жеріңе келгенде еріксіз ойға


қаласың. Біз қандаймыз, олар қандай деген деген сауалдың төңірегінде толғанасың. Әлемнің қай түкпірінде болмасын, еліміздің интеллектуалды потенциалы өте жоғары бағаланады деп айтар едім. «Болашақ» бағдарламасымен сырт мемлекеттерде оқып жатқан студенттер мен магистранттардың деңгейі мен оқу үлгерімі осы сөзіме дәлел. Шын мәнінде аграрлық университетті таңдау арқылы сіздер, қадірменді студенттер, өте дұрыс шешім қабылдадыңыздар. Аграрлық университеттің аурасы өзге оқу орындарынан өзгеше. Ол ерекше аура. Өйткені, шынымен де оқу ордасының тарихы кешегі тарихи кезең – тың және тыңайған өлкелерді игеру жылдарымен ағасып жатқандығымен ерекше. Кез келген құрылыстың іргетасы берік болып қаласа ғана, өз жемісін берері анық. 50 жылдан астам уақыт өмір сүріп келе жатқан, қаншама түлектерге жолдама берген іргелі университет ретінде баршамаңызға қадірлі, киелі орда. Кез келген мемлекеттің экономикасы отандық өндіріске негізделеді. 1 жыл ішінде еліміздің экспорт потенциалы 70 пайызға



сондай-ақ Студенттер Альянсы мен университет түлектері клубы мүшелерінің мұрындық болуымен ұйымдастырылған «Жаңа ұрпақ» номинациясының мақсаты – оқу үлгерімі мен қоғамдық және мәдени салада өздерін өте жоғары деңгейде көрсеткен оқу үздігін анықтау. Міне, жыл сайын өткізіліп

өскен. Бұл да үлкен жетістік. Еліміздің инновациялық дамыту бағдарламасы агроөндіріс кешеніне үлкен көңіл бөледі. Болашақта да тәуелсіз мемлекетіміздің агрономия саласын дамытатын өздеріңіз. Баршамаңыз білетіндей желтоқсан айының 1-2-інде елордада Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Саммиті өтетіні белгілі. Саммит 10 жылдан астам уақыттан кейін еліміздің бас шаңары Астанада өткілі отыр. 50-ден астам мемлекет басшылары келеді деп күтілуде. Бұл тарих беттерінде қалатын маңызды шара. Қазақта «намас» деген керемет сөз бар. Қайда жүрсеңіздерде намас туын тек биіктен желбіретіңіздер», - деді Бекен Өкешұлы жастарды жігерлендіріп.

Айшықты мереке университет тарихында осыдан 5 жыл бұрын пайда болған дәстүрге ұласып, салтанатты кештің қадірменді қонағы аграрлық университеттің экономикалық факультетінің түлегі, Астана қаласы Сарыарқа ауданының әкімі **Сабил Мұстафина** ханым құттықтау сөз сөйлегеннен кейін «Жаңа ұрпақ» номинациясының жеңімпазына сыйлық табыс етті. Жастар ісі жөніндегі комитет



келе жатқан игі бастаманың биылғы жеңімпазы болып экономика факультетінің 2 курс студенті **Әділет Абдрахманов** танылды.

- Ең бірінші бізді білім нәрімен сусындатқан ұстаздарыма, құрбы-құрдастарыма алғыс айтқым келеді,- деді Әділет ерекше толғаныспен. - Өткен жылы бірінші курс студенті ретінде сіздер секілді осы залда дәл осындай салтанатты мерекенің куәгері ретінде, осы «Жаңа ұрпақ» номинациясын жеңіп алған студентке қатты қызыққанмын. Мен үшін бұл тек арман болып қалатындай әсерде болдым. Алайда, көптеген мақсаттарымыз бағындыру барысында мен де қол жеткіздім. Сіздер де армандап қана қала бермей,





осы мақсаттың жолында талмай еңбек етіп, білім алуға, өздеріңізді тек жақсы қырларыңыздан көрсетуге талпыныңыздар. Қазақ агротехникалық университетін Астананың ғана емес, күллі Қазақстанның беделді университеті ретінде мақтан тұтайық, абыройын асқақтайық.

Дәстүрге айналғандай университет табалдырығын жуырда ғана аттаған бірінші курс студенттерінің арасында «Алғашқы студенттік күз» фестивалі өтетіні белгілі. Өнерлі жастардың есімін ашатын дәстүрлі байқау осы жылы да өте жоғары дәрежеде ұйымдастырылып, жеңімпаздары анықталған болатын. Ән, би, ерекше сахналық қойылым, музыкалық аспапта ойнаудан сынға түскен өнер майталмандарының арасында энергетикалық факультет бірінші орын иеленсе, екінші орынды экономикалық факультет, ал жерге орналастыру факультеті үшінші орынды жүздеген болатын. Дарынды жастарды тағы бір мәрте жеңістерімен құттықтап, осыдан 4 жыл бұрын тұсауы кесілген «Фараб» эстрадалық студиясының әншілерінің орындауындағы «Ақ қанатты әндер-ай» атты музыкалық сәлемдемесі жолданды.

Шырайлы мереке қонағы әзіл-кеш **Тұрсынбек Қабатов** қоржынындағы әзілімен көрермен қауымның көңілін көтерсе, университеттің атын республикаға танытып жүрген «Аграрка сарбаздары» көңілді тапқырлар клубы мен «Спарта» КТК құрама командасының жігіттері де күлкіге кенелтті. Көңілді кештің құрметті қонағы, қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Досымжан Таңатаров әннен шашу шашты. Концерттік бағдарламада университетіміздің өнерпаз жастары «Шаттық» және «Рауан» би ансамбльдері, «Фараб» ән және би театрының өнерпаздары, «Шабит» халықтық аспаптар ансамблі мен «Ақжелкен» студенттер театры, «Z» тобының әншілері, Қоғамдық кәсіби факультет жетекшілері Виктор Яшновский, Ерлан Дакенов және Мейірбек Алиқабаров, сондай-ақ жұбы жарасқан Айдана мен Нұржан секілді талантты жастар өнер көрсетті.

Көрнекті ақын Мұхтар Шаханов ағамыздың студенттерге арнап шығарған нағыз студент өмірінің келбетін айшықтайтын «Студенттерге» деген өлеңінде:

*Студенттер, аулы ақ мамандар,*

*Жыл сайын жасарғандар,*

*Қыз қуып терезеге қарағандар*

*Білім қуып бөлмеге қамалғандар.*

*Студенттер, аптыққан пәк көңілдер,*

*Өкініштер, шаттықтар,*

*тәтті өмірлер,*

*Ауылға жеі айтатын сәлемдері:*

*“Ақша сал”, “Жетпей жастыр”,*

*“Ан жетіңдер!”*

*Студенттер, сарылып ой қуғандар*

*Қарыңды қанағатқа тойдырғандар*

*Қара нанды достарымен қақ бөліп жеп,*

*Күн сайын, апта сайын той қылғандар.*

*Студенттер, болашақ жас мамандар,*

*Үй жоқ деп үйленуден қорықпағандар.*

*Бастарына тек кітап жастағандар,*

*Студенттер, ұстазға ұнағандар.*

*Сүрінгендер, кей жерде құлағандар*

*Қайтадан тапсырам деп жылағандар*

*Тәттіні, ащыны да татып тұрар*

*Студенттің жан сырына құлақ саңдар,*

*Сонда да жандарында жанып тұрар.*

*Студенттік шақ қайтып бізге оралмайды,*

*Студенттер,*

*Студенттер,*

*Бақыттылар!!!,-* деп жырлағандай, арман қуған студент жастардың келесі бір легі жана өмірге қадам басып, білім мен ғылымның мекеніне, жастық пен албырттықтың қызыққа толы жасампаз әлеміне қанат қақты.

Шын мәніндегі бақытты кезеңде өмір сүріп жатқан жастарға өзін таныту үшін мүмкіндіктер өте көп, бұл туралы аға ұрпақ жастық жылдарда армандай алмайтын. Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар адамдардың уақыты. Мемлекет жастар үшін барлық жағдайды жасап отыр. “Жастық шақ-бұл тамаша нәрсе; оны рәсуа ету қылмыс...” - деген екен Бернард Шоу. Тек оқу, күш-қуатыңды аямастан еңбек ету керек, сонда

ғана ойлаған арманға жетуге болады.

Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады. (Н.Ә. Назарбаевтың “Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына” атты лекциясынан ықшамдалып алынды. Егемен Қазақстан, 27 мамыр, 2006 жыл).

Биыл 110 мыңнан аса оқушы мектеп бітірген болса, оның 3662 түлегі «Алтын белгі» иегері атанды. Бұл «алтын буынның» бірқатар түлектері студенттік жылдарын іретасын байтақ Қазақстанның бас қаласы Астананың төрінен қалаған, қазақтың маңдайына біткен көрнекті ақын С.Сейфуллиннің атына берілген Қазақ аграрлық университетімен байланыстырды. Олай болса, болашақтың кілтін ұстағалы тұрған жастарымыздың біліктілігі мен білімділігі кемелді келешегіміздің баянды болатындығын айқындаса керек. Студент жастар ғылым әлеміндегі бәсекелестіктің маңыздылығын түсіне отырып, білім саласында ілгерілеу үшін бар күш-жігерлерін салады деген сеніміміз зор!

**Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ**  
Баспасөз хатшысы



## ● ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

- Серік аға, сіздің студенттік жылдарыңыз қандай болды?

-1957 жылы университет ашылғанда жан-жақтан білім іздеп келген жастардың арасында мен де болдым. Алғаш ашылған факультеттердің бірі – техникалық факультетіне оқуға қабылданып, төбем көке жетті. Университеттің тұңғыш студенттік төлқұжаты мен сынақ кітапшасы менің атымда болғанына өзімді бақытты санаймын. Негізгі қазіргі студенттер бақытты ұрпақ қой. Біздің кезімізде «студент қатарына қабылдау» деген арнайы салтанатты мерекелер болған жоқ. Алайда, әр дәуір өз заманымен ерекше ғой. Ол кезде осы оқу ғимараттардың біреуі де жоқ болатын. Біз оқыған жылдардың ерекшелігі – оқу мен практиканың қатар жүруі болды. Ол уақытта жазғы демалыс маусымында жастарды лек-легімен ауылды алқаптарда еңбектенуге жіберетін. Біздің студенттік шағымның шуақты сәттері мен қызықты тұстары осы жазғы маусыммен тікелей байланысып жатыр десем артық айтқандық емес.

- Қызықты сәттеріңізбен бөліссеніз?

-Қызық деген көп қой... Ол кезеңде комсомол деген бар. Белсенді студенттер көркем өнерпаздардан құралған оркестр құрамында өнер көрсететінбіз. 1961 жылы оркестрге жетекшілік еткен, Педагогикалық институтта музыкалық факультеттің деканы болған Сайлау Боранбаев деген ағамыз болды. Жұмағали Қыздарбеков деген композитор болған. Міне, осы оркестр құрамында қазақтың кара домбырасын серік еткен өнерпаз жастармен бірге мен де өнер әлеміне қанат қағып, талабымды ұштадым.

Аграрлық университетінен түлеп ұшқан сан мыңдаған түлектердің талайы болашақтарын киелі, құтты орда осы университетпен байланыстырып, білім беру саласында еңбек етіп жүргендер де бар. Ортамызда университеттің тарихымен бірге жасасып, саналы тұрғын ұстаздыққа арнаған ағаларымыз да бар. Ең қызығы, аталмыш білім ордасының табалдырығын сонау 1957 жылы алғаш болып аттаған тұңғыш студенттердің бірі, тіпті ең алғашқы «студенттік билет» пен «студенттік сынақ кітапшасының» иегері **Серік Абраев** ағамыз бүгінгі таңда өзі оқып-бітірген техникалық факультеттің «Технологиялық мамандықтар және жабдықтар» кафедрасында жоғарғы курс студенттеріне білім беріп, шәкірт тәрбиелеуге сүбелі үлесін қосып келеді. **Тарихи кейіпкер** – ұстаз ағамызбен жүздесіп, ол кісінің осыдан 50 жыл бұрынғы студенттік өмірі жайлы айтып беруін өтінген болатынбыз.

## ТҰҢҒЫШ ТҮЛЕКПЕН ТІЛДЕСКЕНДЕ

Менің студенттік шағымдағы ең қызықты сәттер осы ансамбльмен біте қайнасып жатыр. Талай-талай қызықтарды басымыздан өткердік. Біздің кезімізде сабақтан қалу деген жоқ. Талап қатал болатын. Ал, бүгінгі студенттерді сол заманмен салыстырар болсақ, тәжірибеден өткізетін ауылдық шаруа қожалықтары жоқтың қасы ғой. Біздің заманымыздың өзгешелігі сол болып отыр. Мен университетті 1963 жылы бітіріп, арнайы жолдамамен жіберген жерге кеткеннен 1997 жылы қайта осы білім ордасына оралдым. Біраз жылдар түрлі қызметтерде болдым, ауылшаруашылық саласында басталған еңбегіміз сол салада өрбіді. Мен үшін шәкірт тәрбиелеп, жас достарымызға білім беру үлкен бақыт. Осы салаға сіңіріп жүрген тамшы-

дай болсын үлесіміз парасатты, білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге себепші болса екен деп ойлаймын, тырысамын.

- Бүгінгі студент жастарға не айтасыз?

- Студенттерге жақсы білім алуға мүмкіндік зор. Білімді, сауатты адамдар ғана – жаңа ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші бола алады. Сондықтан күні ертең ғалым, білікті маман, қазақстандық компаниялардың жетекшілері, басшы болатын студенттер мұны жақсы түсінуі тиіс. Кім дамы-маса, алға қарай жүрмесе, өз орнын басқаға, әлдеқайда бәсекеге қабілетті маманға беруіне тура келеді. Міне, қазіргі бәсеке заманында осы қателікке жол бермес үшін іздену керек, диплом үшін ғана емес, ертең өзіне азық бола-



тын қазыналы білім алуға тырысу керек. Жастық шақтағы студенттік кезең адам баласына бір рет қана беріледі. Осы қызықты шақтың қадірін бағалай білу керек, аялай білу керек. Өткен жылы университетіміздің 50 мыңыншы түлегіне диплом табыстағанымыз белгілі. Менің студенттік кезеңім университеттің тұңғыш студенті ретінде ерекшеленсе, осы аталған 50 мыңыншы студент те өзінің дипломдық жұмысын менің жетекшілігіммен жазды. Бұл да мен үшін үлкен мақтан, бұл тарихи сабақтастық секілді. Ол бала біздің техникалық факультеттің түлегі. Мен үшін былтырғы жылдың ерекшелігі осы болды.

- Өңгіменізге рахмет.  
Сұхбаттасқан  
**Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ**

## ● Студент ледізі



**Қарлығаш Нұрманова, Жерге орналастыру факультетінің 3 курс студенті:**

- Қостанай облысы, Арқалық қаласынан боламын. 2008 жылы Абай Құнанбаев атындағы №6 орта мектепті бітіріп, осы Астана қаласындағы Қазақ агротехникалық университетіне оқуға келдім. «Геодезия және картография» мамандығын таңдаудағы себеп – туған жерім Арқалық қаласында геодезист мамандар тапшы. Қала бойынша бір ғана маман бар. Алғаш әкем екеміз қалаға келіп, жоғары оқу орындарын аралағанда алғаш болып, осы аграрлық университетінің табалдырығын аттаған болатынбыз. Әкемнің кеңесіне құлақ түріп, осы мамандықты таңдап алдым. Университеттің білім беру сапасы көңілімнен шығады. Мұндағы білім беру процесі жүйелі түрде жүзеге асырылады, бізге тәжірибелі мамандар сабақ береді. Ұстаздардың талап қоя білуі ұнайды. «Студенттер көзімен» атты сауалнама жүргізіліп тұрады, осы сауалнама бәрін айқындап береді. Аграрлық университеттің бізге ұнайтыны студенттердің өзін-өзі басқаруы болып табылады. Ал, «Студент қатарына қабылдану» салтанаты жайлы айтар болсам, бұл әрбір студенттің есінде ерекше қалатын сәт. Біз үшін керемет өтті, концерт тамашалыдық. Студенттік билетімізді қолымызға алып, жаңа өмірге қадам басқандай сезімде болғанмын.

**Гүлзина Еслямова, Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетінің 1 курс студенті, Алтын белгі иегері:**

-Агротехникалық университетін таңдап алған себебім – мұнда білім беру сапасы өте жоғары. 50 жылдық тарихы бар іргелі білім мекемесінде білікті ұстаздар қауымы көп. Жоғары оқу орны үздіктер қатарына жататындықтан, еліміздегі жетекші оқу орындарының бірі ретінде таңдадым. Бәсекеге қабілетті, білімді маман болып шығамын деп ойлаймын, ол әрине, ең бірінші, өзіме байланысты. Болашақта осы университет түлегімін деп мақтанышпен айтқым келеді. Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, Киев орта мектебін бітіріп, 116 балмен мемлекеттік грантка түстім.

**Жұмсақбаев Дархан, Экономика факультетінің 1 курс студенті:**

- Менің ағаларымның бәрі осы Агротехникалық университеттің түлектері. Сол ағаларыма қарап, мен де осы білім мекемесінде оқығым келді. Болашақтағы арманым С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің атағын шет мемлекеттерге паш ету, абыройын асқақтату.

**Шеризат Болат, Агрономия факультетінің 1 курс студенті:**

- Негізгі осы университетте бұрын менің әпкелерім мен ағаларым оқыған. Солардың кеңесі бойынша аграрлық университетін таңдадым. Өсімдікті қорғау және карантин мамандығы биыл жаңа ашылған мамандық. Өзіме ерекше ұнайды. Жуырда өткен 1 курс студенттерінің мерекесінде үлгілі студент болуға ант бердік. Болашақта мамандығым бойынша магистратураға түсіп, еліміздің аграрлық кешенінде жұмыс істегім келеді.

**Тілеубай Армия, техникалық факультетінің 1 курс студенті:**

- Мен мектепте оқып жүргенде оқу ордасынан арнайы насихат тобы келіп, бізге аграрлық университетті таңыстырған болатын. Орта мектепті Ақмола облысы, Бұланды ауданының Николовка аулынан тәмамдадым. Бүгінде «Өңдеу өндірісінің технологиясы» мамандығында білім алып жатырмын. Университетімізді мақтан тұтамын.

**Инауат Мейірхамит, ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің 1 курс студенті:**

-Агротехникалық университетін таңдап алғаным өте бақытты сезінемін. «Балық шаруашылығы» мамандығында оқып жатырмын. «Студент қатарына қабылдау салтанатының» мен үшін ерекшелігі мен әсері ерекше болды. Салтанатты кеш, концерттік бағдарлама өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Баршамызды құттықтап, бізге сенім білдіргеннен кейін тек оқуымызды жақсы оқып, университет атына кір келтіруге іштей сергеттік. Ең бір әсерлісі мен ұтыс ойынында шаңсорғыш жеңіп алдым, мен үшін мәңгі жадымда қалатындай сәт болды.

Сауалнаманы жүргізген  
**Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ**

## ● Студент ледізі

## ЮМОРИСТИЧЕСКИЙ УГОЛОК



Едва-ли кто-нибудь сегодня вспомнит, где и когда родилась эта традиция. Возможно еще в те далекие времена, когда в ходу была поговорка: «Курица – не птица, первокурсник – не студент». Но с тех пор утекло много воды. Современный студент Казахского агротехнического за два месяца уже столько успевает повидать и узнать, сколько ученики Сократа не постигали за годы.

Они познакомились с достопримечательностями студенческого городка. Узнали историю Самого Первого вуза столицы, посидели в читальном зале научной библиотеки, потолкались в коридорах во время перемен, пофотографировались в интерьере аудитории для ММС родителям, оценили меню во всех студенческих столовых и выбрали по вкусу свою. Посмотрели других и показали себя на фестивале Первая студенческая осень.

Хорошо усвоили правила проживания в общежитии, кое-кто из первокурсников успел побывать примером для других, что так делать НЕЛЬЗЯ!

А МОЖНО И НУЖНО за годы, отведенные на учебу учиться и получить профессию. Ведь поступление в университет – это шаг в собственное будущее, и от этого шага будет зависеть очень многое от дальнейшей жизни. Потому что если человек поставил себе цель стать образованным, умным, талантливым, то очень велик шанс, что именно таким он станет. Поступив в Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, вы доказали своим родителям, учителям, сверстникам, что вы умнее, талантливее, целеустремленнее!



## УЛЫБКА

В нашей жизни сложной мы дадим советы И попросим очень: «Вслушайте нас» Потому, что жить вам здесь придется долго, И тогда проблем не будет никаких у вас

## привет:

И улыбка без сомненья  
Вдруг коснется ваших глаз  
И хорошее настроение  
Не покинет больше вас  
Если вы однажды на большой контрольной  
Не достали шпоры или же тетрадь  
Вспомните, что люди есть такие тоже  
Их у нас гораздо больше,  
Вместе пропадать.

## привет.

Если на ответе, лекции все зная,  
Вдруг не ожидая получили два  
Вспомните, что люди есть плохие тоже,  
Тут во всем они виновны, выбрав жертвой  
Вас

## привет.

Если вас зарезал злой преподаватель  
И поступок этот в сердце к вам проник  
Вспомните, что много есть людей хороших  
Их у нас гораздо больше, вспомните о них

## привет.

Если вы однажды сессию не сдали  
И учиться больше здесь уж вам нельзя  
Знайте, что на свете много мест хороших  
Вы себе найдете лучше, верьте нам, друзья.

## привет.

## ЮМОРИСТИЧЕСКИЙ УГОЛОК

Свершилось! Как чуда ждали первокурсники день Посвящения в студенты.

И вот в самом уютном и родном зале Конгресс-Холла, родном еще и потому, что он назывался прежде «Дворец целинников». А значит, в этом дворце звучали голоса великих людей, стоявших у истоков развития сельскохозяйственной науки. Свидетелей рождения самого первого вуза столицы!

Звучит Гимн. Вносят Знамя университета. Ректор, доктор ветеринарных наук, профессор А.К.Булашев, сам в прошлом также выпускник этого же вуза, вручает студенческие билеты первокурсникам 2010 года.

Два месяца проучились студенты в стенах вуза, который теперь будет вторым домом. Здесь они будут учиться азам избранной профессии у преподавателей, отдающих себя без остатка любимому делу.



На первом почетном ряду – в почетных профессорских мантиях доктора наук, Депутат Мажилиса Парламента Алимжанов Б.О., аким Сарыаркинского района С.С.Мустафина – в прошлом выпускница ЦСХИ, начальник

Управления высшего образования и инновационной политики АПК департамента стратегического планирования и инновационной политики МСХ РК Ш. Коскараева.

В свое приветственном обращении ректор Булашев А.К. напомнил, что Казахским агротехническим университетом им. С.Сейфуллина на сегодняшний день вручен 52 тысячный диплом. Специалисты с дипломами нашего университета трудятся на ответственных постах страны, а также в ближнем и дальнем зарубежье. Среди них немало личностей, которыми гордится не только альма-матер, но и вправе гордиться вся страна.

Первокурсники пытались выяснить, что же ЭТО такое. А студенты старших курсов знали, что ЭТО и поэтому стремились участвовать в этом.

Г. Сулейменова

## Информационное пространство УНИВЕРСИТЕТА

Научная библиотека – это крупный научно-информационный центр университета с богатым разнообразным фондом, который насчитывает свыше девяти тысяч различных видов документов как на традиционных, так и на электронных носителях.

Кредитная система обучения усиливает роль самостоятельной работы студентов, а значит, требует непрерывное улучшение качества работы библиотеки.

Структура научной библиотеки в соответствии с запросами студентов постоянно претерпевает изменения. Сейчас свои услуги предоставляют

3 абонемента, 8 читальных залов (универсальный, периодических изданий, электрон-

ных изданий, залы архитектурного, агрономического, ветеринарного и экономического факультетов).

Библиотека выписывает 276 наименований периодических научных и научно-популярных изданий. И признавая тот факт, что новое поколение читателей предпочитает издания в электронном виде бумажным, наша библиотека активно включилась в создание электронных коллекций путем оцифровки собственных фондов и строительства электронной библиотеки.

Разрабатывая собственную модель электронной библиотеки, мы учитывали основные источники получения электронных ресурсов. Это подписка на коллекцию электронных журналов Российской Универсальной Электронной Библиотеки (РУНЭБ), доступ к Республиканской Межвузовской Электронной библиотеке (РМЭБ), доступ к Казахстан-

ской Национальной электронной Библиотеке (КазНЭБ) и, конечно, электронная библиотека ШПС университета, созданная отделом информационно-технического обеспечения и проектирования контента. Таким образом, в структуре Электронной библиотеки объединились несколько информационных блоков, включающих ресурсы Электронного каталога библиотеки, коллекции полнотекстовых электронных документов, ресурсы on-line, доступные нашим пользователям в рамках договорных отношений. Дополняя друг друга, информационные блоки создают большие возможности для использования электронной библиотеки в системе планирования и организации учебного процесса.

Уважаемые первокурсники и все наши постоянные читатели и пользователи библиотеки! Мы ждем вас в читальных залах и абонементах библиотеки, и рады показать всем – новые доступы к новым информациям!

М.Ахметова,  
директор библиотеки

## Жыр жазамын жүрегіммен...

## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИНГЕ

Ақынның өзі өлсе де, сөзі өлмейді,  
Мамық жыр жүректерде гүл көктейді.  
Сәкендей ағасы бар бұл Алаштың  
Көгіне шұбарланып бұлт төнбейді.

Ақын жан, ақиығы Алашымның,  
Ақ сұңқар, құлашы кен қанатыңның.  
Көңілді еріксізден би билетер  
Сылқым жыр, ойнақы өрнек –  
«Сыр сандығың».

Азаттық, теңдік үшін жүрескен ер,  
Әділдіктен таймаған сөзің сенер.  
Ақу құс көрік берсе айдыныңа  
Өзіңсің туған жерді көрікті етер.

Тағдырдың салғанына бар ма шара?  
Тар жолда тайғақ кештің, ақын аға.  
Кешегі дүрбеленде ұмыт болған  
Еңбегің бүгін мәлім бар қазаққа.

Есіміңді абыроймен асқатқатқан,  
ҚазАТУ тек білімнің отын жаққан.  
Өзіңді еске аламыз сағынумен  
Дидарлы, нұр көріңді күлім қаққан.

Сұлтанбек Смағұлов,  
энергетикалық факультеттің  
3 курс студенті

## ТУҒАН ЖЕРІМ- АЛТЫН БЕСПІМ

Әй,туған жер, топырағыңнан айналдым-ау,  
Әй, туған жер, мөңдір бұлақ кайнарым-ау,  
Кіндік қаным тамған сенен артық,  
Маған ыстық, сенен артық жер бар ма-ау?

Алғаш тәй-тәй басқан кезім сенен өткен,  
Алғаш «ана»деген балғын сөзім сенен ескен,  
Мөңдір бұлақ суыңнан дәм татпаған,  
Бала да жоқ аулада жыр ойнаған.

О,туған жер-ай,сүйем сенің күндеріңді,  
О, туған жер-ай, сүйем сенің жерлеріңді,  
О, бесікте жатқанымда сезіп едім,  
Салқын самал ауаң менен желдеріңді.

Сонау жазық Сарыарқаның самал желі,  
Еседі ғой Қорғалжыннан ауа лебі,  
Қоқиқаздар, аққуларын ұшып келіп,  
Ұяларын салады ғой дөңгелетіп.

Сен,туған жер, мейірімдісің, ұлысың,  
Сен,туған жер, кішіпейіл, жылысың,  
Құшағыңның астына аласың сен  
Мен деген сабыңды сүйесің сен.

Ата-бабам қалдырған сенің жерің,  
Әрқашан ыстық маған сенің лебің,  
Сонау алыс қашықтыққа кетсем де,  
Ұмытпаймын уақыт-өмір өтсе де.

Барлық нәр мен күш-қуатты сен бердің ғой,  
Күн нұры мен шапағатың сен шаштың ғой,  
Сенің ыстық құшағыңда мен ұйықтасам,  
Арман болмас бұл жалғанда шарықтасам.

Талай ақын жырлар әлі туған жерін,  
Талай бұлбұл сайрар әлі орман-жерін,  
Туған жер ыстық қой, достар, айтыңдаршы,  
Туған жер, мәңгі жаса, жарқырашы!

Төлен Наурызхан  
экономикалық факультеттің 1 курс студенті

## АНА ТІЛІМ

Тілім менің- өмірдегі тірегім,  
Тілім менен тарихымды білемін,  
Сан ғасырлар қалыптасқан тілімді  
Қадірлеп те, қастерлеп те жүремің.

Келешекті ана тілде жырлайық,  
Ата-баба өсиетін тыңдайық  
Қазақ болып дүниеге келген соң,  
Ана тілін құрметтеуден тынбайық.

Қазағым-ау, тыңда менің сөзімді,  
Туған тіл деп танытасың өзіңді.  
Сенің әрбір тынысыңнан нәр алып,  
Ана тілмен өмірге ашқан көзімді.

Қазағымның ана тілі ақталып,  
Ақ маржандай, асыл сөзі жатталып,  
Әрбір адам баласының жүрегінде  
Қалсын енді мәңгілік ол сақталып.

«Отан» деп мен ана тілде жырлаймын,  
Ана тілде өлең жазам тынбаймын.  
Алтыннан да қымбат менің тілімді,  
Сыйлатамын, өзім-дағы сыйлаймын.

Мадияр Абилов,  
энергетикалық факультеттің  
2 курс студенті



## БАС РЕДАКТОР

Г. Сулейменова

## ТІЛШІ

Б.Абайқызы

## ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ

А.Исмаилова

Газет Мәдениет, акпарат және қоғамдық желісі министрлігінде тіркеліп, №1106-Г тіркесу куәлігі берілген.  
Редакция жариялауға ұсынылған материалдарды рецензияламайды. Жарияланымдардың мазмұны мен суреттердің сапасына жауап бермейді.

## Мекен-жайы:

Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 62 А,  
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-нің бас ғимараты,  
тел: 31-75-64.  
Газет «Көкше-полиграфия» АҚ-ның баспаханасында басылды. Қоқиғастау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.  
Газет ай сайын шығады. Таралымы 1000 дана.